



Газет
2007 жылғы
22 қарашадан
шығады

gazeta_eltilegi@mail.ru

ЕЛ ТІЛЕГІ

№24 (984) Сәрсенбі 24 маусым 2026 жыл

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТӘУЕЛСІЗ АҚПАРАТТЫҚ, ТАНЫМДЫҚ, ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТІ

<http://www.qsip.kz/>

<http://www.instagram.com/eltilegigazeti>

<http://www.facebook.com/eltilegigazeti>

ПОЛИЦИЯ - ҚОҒАМ ҚОРҒАНЫ



Өнер орталығында облыс әкімі Мұрат Ерғешбаевтың қатысуымен Полиция күніне арналған салтанатты жиын өтті.

Жиын алдында аймақ басшысы полиция қызметінің материалдық-техникалық әлеуетін арттыру мақсатында алынған арнайы техникалар көрмесімен танысты. Салтанатты шараның ашылуында Әнұран орындалып, Ту көтерілді. Аймақ басшысы полиция қызметкерлерін кәсіби мерекемен құттықтап, құқық қорғау саласында атқарылған жұмыстарға тоқталды.

«Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы «Біздің қоғамымызда заң мен тәртіп үстемдік құруға тиіс. Бұл – бүкіл қоғамның, әр адамның қауіпсіздігін қамтамасыз етудің басты талабы. Біз сонда ғана Әділетті, Таза, Қауіпсіз Қазақстанды құра аламыз» деген болатын. Бұл міндеттер Сіздерден жоғары жауапкершілік пен табанды еңбекті талап етеді. Құқық қорғау органдарымен бірлескен жүйелі жұмыстың нәтижесінде өңіріміздегі қоғамдық-саяси ахуал тұрақты. Соңғы жылдары құқықбұзушылық көрсеткіштері едәуір төмендеді. Біздің мақсатымыз – тек көрсеткіш қуалау емес. Ең бастысы – құқықбұзушылықтың алдын алып, оның деңгейін тұрақты төмендету. «Мемлекет пен азамат – біртұтас» қағидаты негізінде полиция халықпен ашық әрі сенімді қарым-қатынас орнатуы қажет. Халықтың сенімі – Сіздерге үлкен жауапкершілік! Еліміздің тыныштығы мен қоғамдық тәртіпті сақтаудағы қызметтеріңіз жемісті болсын!», - деді Мұрат Нәлқожаұлы.

Кейінгі жылдары өңірдің полиция органдарының материалдық-техникалық базасын жақсартуға облыстық бюджеттен 18 млрд. теңгеден астам қаржы бөлінді. Жұмыс тиімділігін арттырып, құқықбұзушылықтың алдын алуға, қылмысты жедел ашуға мүмкіндік беретін жаңа технологиялар енгізілуде.

Республикада алғашқы болып барлық ауданда Жедел басқару орталықтары ашылды, бейнебақылау жүйесі кеңейтілді. 2023 жылдан бері полиция қызметкерлеріне заманауи құралдармен жабдықталған 228 жаңа автокөлік табысталды. Бүгінгі кәсіби мерекеде полицияның жедел салалық қызметтеріне 94 заманауи автокөлік берілді.

Жиында полиция қызметкерлері ҚР Премьер-министрінің, Премьер-министрдің бірінші орынбасарының Алғыс хаттарымен, Қызылорда облысының Құрмет грамотасымен, облыс әкімінің Алғыс хатымен, «Құқық тәртібін қамтамасыз етуге қосқан үлесі үшін» медалімен, «Ішкі істер органдарының үздігі» төсбелгісімен, Ішкі істер министрінің Құрмет грамотасымен, Алғыс хатымен, естелік қол сағатымен, сондай-ақ облыстық полиция департаменті бастығының Грамотасы және Алғыс хаттарымен марапатталды. Ішкі істер министрінің бұйрығына сәйкес бірқатар қызметкерге «Полиция полковнигі» шені табысталды.



«ЕЛ ТІЛЕГІ» ГАЗЕТІ

еліміздің барлық өңірлеріне тарайды. Бүгінде өзінің оқырмандары асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымдарға 2026 жылдың II жартыжылдығына жазылу науқаны жүріп жатыр.

«Ел тілегі» газетіне
жеке жазылушылар
үшін индекс 65007

6 айға – 4502 теңге 22 тиын

**БАСЫЛЫМДЫ АСЫҒА КҮТЕТІН
ОҚЫРМАНДАРЫМЫЗБЕН
ӘРДАЙЫМ БІРГЕМІЗ!**

- Мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз, бизнесте мол табысқа қол жеткізіңіз келсе, әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз «Ел тілегі» газетіне жарнама беріңіз!
- Сонымен бірге құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса, құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, Бізге хабарласыңыз!

**Қажетті ақпаратты мына
телефондар арқылы ала
аласыздар:**
8 705 982 76 61,
8 777 752 54 63.

NIS-ТІҢ 135 ТҮЛЕГІНЕ АТТЕСТАТ ТАБЫСТАЛДЫ

Қызылорда қаласындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің 2026 жылғы түлектеріне аттестат табыстау салтанатты рәсімі өтті. Биыл мектепті 135 оқушы аяқтап, жана өмір жолына қадам басты.

Бітіруші зияткерлердің қатарында 17 оқушы Үздік аттестат иегері атанса, 2 түлек «Алтын белгі» төсбелгісін растады. Сонымен қатар әрбір алтыншы түлек Назарбаев Университетіне шақырту алып, тағы 15 жас Гонконг, Италия, Жапония, Оңтүстік Корея, Литва және Венгрияның жетекші жоғары оқу орындарының білім гранттарын жеңіп алды.

Оқу жылдары ішінде түлектер халықаралық және республикалық олимпиадаларда, ғылыми жобалар мен инженерлік байқауларда жоғары нәтижелер көрсетті. IESO жас геологтардың халықаралық



олимпиадасы, WRO дүниежүзілік робототехника олимпиадасы, Infomatrix Asia, Samsung Solve for Tomorrow, Kazakhstan Smart Space және өзге де беделді жарыстарда

жеңімпаз атанып, мектеп абыройын асқақтатты. Түлектер арасында IELTS халықаралық емтиханынан 8.0–8.5 балл жинаған, SAT емтиханынан 1500-

ден жоғары нәтиже көрсеткен дарынды оқушылар көп. Бұл көрсеткіштер олардың жоғары академиялық әлеуетін дәлелдеді.

Салтанатты жиында мектеп директоры Ақбар Тусупбаев түлектерді жетістіктерімен құттықтап, алдағы өмір жолында сәттілік тіледі.

«Шәкірттеріміздің бұл жетістігі – олардың қажырлы еңбегінің, ұстаздарымыздың кәсіби біліктілігінің және ата-аналардың сенімі мен қолдауының нәтижесінде келген бүкіл мектеп қауымдастығының ортақ жеңісі. Мектеп қабырғасында алған білім мен тәрбие түлектерімізге қай жерде жүрсе де дұрыс бағыт көрсетіп, биік мақсаттарға жетелейді деп сенемін. Қандай мамандық иесі болса да, білімдерің мен қабілеттерің туған елдің өркендеуіне жұмсайтын азамат болып қалыптасуларына тілектеспін», – деді Ақбар Асқарұлы.

БАЛА ҚАУІПСІЗДІГІН БАҚЫЛАУ – ӘРБІР АТА-АНАНЫҢ МІНДЕТІ

Жаз мезгілінде балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселесі ерекше өзекті болып отыр. Әсіресе, ата-аналардың қараусыз қалған бүлдіршіндердің көпқабатты тұрғын үйлердің терезелері мен балкондарынан құлап кету жағдайлары алаңдаушылық туғызууда. Өңірлік коммуникациялар қызметінің ақпарат алаңына келген облыстық ТЖД Төтенше жағдайлардың алдын алу басқармасының бастығы Асхат Оразбеков өңірдегі ахуал мен жүргізіліп жатқан түсіндіру іс-шаралары туралы баяндады.

– Биылғы жылдың басынан бері облыс көлемінде ата-анасының қараусыз қалуы салдарынан балалардың терезеден құлап кетуіне байланысты 8 оқиға тіркелді. Бұл жағдайлардың басты себептері – балаларды бақылаусыз қалдыру, терезелерде арнайы қорғаныс құрылғыларының болмауы және балалардың терезе маңында ойнауы. Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында облыстық Төтенше жағдайлар департаменті тарапынан жүйелі профилактикалық жұмыстар жүргізілуде. Жыл басынан бері 5720-ға жуық тұрғынға арналған 61 түсіндіру іс-шарасы ұйымдастырылды – деді Асхат Палалұлы.

Бұдан бөлек, мектеп оқушылары арасында қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыру мақсатында қосымша кездесулер өткізіліп, төтенше жағдайлардың алдын алу бойынша



түсіндіру жұмыстары жүргізілуде.

– Балалардың терезеден құлау оқиғаларын азайту үшін тұрғын үйлерге арнайы қорғаныс құрылғыларын орнату жұмыстары қолға алынған. Осы жылдың өзінде департамент тарапынан тұрғын үйлердің терезелеріне 183 терезе блокираторы орнатылды. Мұндай құрылғылар балалардың терезені өздігінен ашуына мүмкіндік бермейді және

қауіптің алдын алуға көмектеседі. Қайғылы жағдайлардың басым бөлігі ересектердің салғырттығынан орын алады. Сондықтан ата-аналар мен қамқоршылар балалардың қауіпсіздігіне ерекше көңіл бөлуі қажет, – деді басқарма басшысы.

Төтенше жағдайлар департаменті тұрғындарға бірқатар маңызды қауіпсіздік шараларын сақтауды ескертті.

КАДРЛЫҚ ӨЗГЕРІС ТАНЫСТЫРЫЛДЫ

Шаһар басшысы Нұржан Ахатовтың өкімімен қала әкімінің орынбасары лауазымына Еркін Ермағанбетұлы Турабаев тағайындалды. Қала әкімі жаңа орынбасарын кадрлық өзгерістерге байланысты өткен актив отырысында таныстырды.

«Еркін Ермағанбетұлы мемлекеттік қызметте жемісті еңбек етіп, сағылап өскен білікті де, тәжірибелі маман. Тапсырманы тиянақты орындайтын жауапкершілігі мол азамат. Сондықтан әлеуеті жоғары кадр ретінде өз жұмысын кәсіби деңгейде атқарады деп сенемін», – деді қала әкімі.



94 ҚЫЗМЕТТІК КӨЛІК ТАБЫСТАЛДЫ

Қазақстан полицияның кәсіби мерекесі күні Қызылорда қаласының орталық алаңында облыс әкімі Мұрат Ерғешбаевтың қатысуымен полиция қызметкерлеріне 94 арнайы автокөліктің кілтін табыстау рәсімі өтті. Бүгінде өңірде құқықтық тәртіпті сақтау, қылмыстың алдын алу және оны ашу, азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау бағытында жүйелі жұмыс жүргізіліп келеді. Осы жауапты міндеттерді атқаруда полиция қызметкерлерінің еңбегі ерекше.

Құқық қорғау органдары қызметінің тиімділігін арттыру үшін полиция департаментінің жедел-салалық қызметтерінің материалдық-техникалық базасы заманауи техникалармен толықтырылды. Жаңа қызметтік көліктер тергеу, анықтау, жедел-криминалистикалық, табиғат қорғау, көші-қон және өзге де бөлімшелердің қызметтік міндеттерін жедел орындауына мүмкіндік береді. Аймақ басшысы тәртіп сақшыларының қоғам алдындағы жауапкершілігіне, ел тыныштығы жолындағы есепті еңбегіне тоқталды.

«Президентіміз «Қоғамдық қауіпсіздікті сақтау, заңның мүлтіксіз орындалуын қамтамасыз ету – айрықша маңызды міндет» деп атап өтті. Бұл тәртіп сақшыларының күнделікті қызметіндегі басты бағдары болуы тиіс!

Жергілікті атқарушы билік пен құқық қорғау органдары бірлесіп, үйлесімді жұмыс атқаруда. Кейінгі жылдары құқықбұзушылық азайып, өңірдегі қауіпсіздік пен жедел әрекет ету қызметтерінің жұмысы оң нәтиже берді.

Егемен еліміздің тыныштығы мен қауіпсіздігін қорғауда, қоғамда «Заң мен Тәртіп» қағидатын орнықтыруда аянбай еңбек етіп, Өздеріңізге жүктелген міндетті абыроймен орындай беріңіздер! Сіздерге мықты денсаулық, сарқылмас күш-қуат, отбасыларыңызға бақ-береке тілеймін! Еліміз аман, халқымыз тыныш болсын!», – деді Мұрат Нәлқожаұлы.

Айта кетейік, сәуір айында сол кездегі аймақ басшысы Нұрлыбек Машбекұлының қолдауымен полицияның патрульдік қызметкерлеріне 100 жаңа автокөлік табысталған болатын. Бүгінгі бастама құқық қорғау органдарының материалдық-техникалық әлеуетін бұрынғыдан да нығайта түсті.

Рәсімде ҚР ІІМ-нің Құрметті ардагері, Қызылорда қаласының құрметті азаматы Тастемір Рахимов, облыстық полиция департаменті ардагерлер кеңесінің төрағасы, запастағы полиция полковнигі Әмірбек Шаймағамбетов әріптестерін мерекемен құттықтап, ізгі тілек білдірді.

ДӘРІГЕРЛЕР ДӘРІПТЕЛДІ

«Өнер орталығында» Медицина қызметкерлері күніне арналған «Ұлт саулығын ұлықтаған дәрігер» атты салтанатты іс-шара өтті. Аймақ басшысы ұлт саулығын нығайтуда қажырлы еңбек етіп жүрген ақ халатты абзал жандарды құттықтады.

«Денсаулығымыздың қорғаны, адам жанының арашасы, мейірім мен ізгіліктің жаршысы болған ақ халатты абзал жандардың еңбегі қашанда елеулі.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы: «Ұлт саулығы – еліміз үшін бәрінен қымбат құндылық. Сондықтан медицина саласын дамыту мемлекеттің стратегиялық міндеті саналады. Осы орайда, дәрігердің ел өміріндегі орны айрықша екені сөзсіз» деген болатын. Бүгінгі мерейлі мерекеге орай ҚР Премьер-министрінің бірінші орынбасары Нұрлыбек Нәлібаев Сіздерге арнайы құттықтауын жолдады. Еліміздің денсаулық сақтау саласында ерен еңбектің үлгісін көрсетіп жүрген сырбойылық дәрігерлерімізді ерекше мақтаншыпен айтамыз. Қазақстанның Еңбек Ері, Сыр перзенті Юрий Владимирович Пя бес мыңнан астам ашық жүрек отасын жасады. Еліміздің бас хирургі, профессор, жерлесіміз Болатбек Баймаханов жетекшілік еткен



мамандар тобы медицина тарихында тұңғыш рет бір мезетте үш науқасқа үш донордың бүйрегін трансплантациялау бойынша аса күрделі операцияны сәтті жүзеге асырды. Болатбек Биендіұлы кеше Президентіміздің қолынан екінші дәрежелі «Барыс» орденін алды. Жерлесімізді жоғары марапатымен барша Сыр жұртшылығының атынан құттықтаймын! Былтыр облыс тарихында алғаш рет бауыр, 10 науқасқа бүйрек трансплантациясы жасалды. Отаның 6 жаңа түрі тәжірибеге енгізілді. Бұл – Сыр медицинасының мүмкіндігі мен мамандардың біліктілігін айқындайтын жарқын мысалдар. Дәрігер – ең ізгі, ең кәсіпкерлі мамандық

есі. Халыққа әрдайым адал қызмет етіп, абыройлы болыңыздар!», – деді аймақ басшысы.

Рәсімде саланың дамуына елеулі үлес қосқан мамандар «Парасат», «Құрмет» ордендерімен, «Ерен еңбегі үшін», «Шапағат», ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің «Еңбек ардагері» медальдарымен, «Денсаулық сақтау ісінің үздігі», «Денсаулық сақтау ісіне қосқан үлесі үшін» төсбелгісімен, «Қазақстанның еңбек сіңірген дәрігері» құрметті атағымен, ҚР Премьер-министрінің бірінші орынбасарының және облыс әкімінің Алғыс хаттарымен, Қызылорда облысының Құрмет грамотасымен марапатталды.

Президенттің, Үкіметтің қолдауымен 2022 жылдан бері аймағымыздың денсаулық сақтау саласына 625 млрд. теңгеге жуық қаржы бөлініп, 41 медицина нысаны ел игілігіне берілді. «Ауылда денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында барлық ауданда 28 медицина нысаны салынды.

Облыс орталығында емханасы мен онкологиялық бөлімшесі бар 300 орындық көпбейінді аурухананың, 400 және 500 келушіге арналған емханалардың, 200 орындық перинаталдық орталықтың құрылысы жүріп жатыр. Алдағы жылдары тағы бірқатар медицина нысаны қайта жаңғыртылады.

«Ел тілегі» ақпарат

ЗАҢ МЕН ТӘРТІП



Қызылорда қаласы әкімдігінде Мемлекет басшысы айқындаған «Заң мен тәртіп» қағидатын қоғамда кеңінен насихаттау, азаматтардың құқықтық мәдениетін арттыру және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бағытындағы жұмыстарды жүйелеу мақсатында әдістемелік семинар өтті.

Семинарға қала әкімдігіне қарасты бөлімдер мен мекемелердің басшылары, құқық қорғау органдарының өкілдері, сала мамандары және жауапты қызметкерлер қатысты.

Іс-шараны қала әкімінің орынбасары Арнұр Нұрмағанбетов жүргізіп, өз сөзінде заң үстемдігін қамтамасыз ету, құқық бұзушылықтың алдын алу және азаматтардың құқықтық сауаттылығын арттыру – тұрақты әрі қауіпсіз қоғам қалыптастырудың басты шарттарының бірі екенін атап өтті. Сонымен қатар, ол мемлекеттік органдардың бұл бағыттағы жұмыстарды күшейтіп, тұрғындар арасында түсіндіру жұмыстарын жүйелі

түрде жүргізудің маңыздылығына тоқталды.

Семинар барысында қалалық прокуратураның бөлім прокуроры «Заң мен тәртіп» қағидатының мәні мен маңызына кеңінен тоқталып, қоғамда заң талаптарын сақтау мәдениетін қалыптастыру, құқық бұзушылықтардың алдын алу және азаматтардың құқықтық жауапкершілігін арттыру бағытында атқарылып жатқан жұмыстар туралы баяндады.

Сондай-ақ құқық қорғау саласының ардагері жастарға патриоттық тәрбие беру, олардың бойында заңға құрмет пен азаматтық жауапкершілік сезімін

қалыптастыру мәселелеріне тоқталып, құқықтық мемлекет құру жолындағы әр азаматтың рөліне ерекше назар аударды.

Қала әкімі аппаратының мемлекеттік-құқықтық жұмыстар бөлімінің басшысы өз баяндамасында «Заң мен тәртіп» идеологиясын ілгерілету мақсатында жергілікті атқарушы органдар тарапынан жүзеге асырылып жатқан іс-шаралар туралы ақпарат берді. Сонымен қатар тұрғындардың құқықтық сауаттылығын арттыру, қоғамдық тәртіпті сақтау және қауіпсіз орта қалыптастыру бағытында атқарылатын алдағы жұмыстардың негізгі бағыттары таныстырылды.

Жиын барысында қатысушылар заң үстемдігін қамтамасыз ету, құқықтық мәдениетті нығайту, мемлекеттік органдар мен қоғам арасындағы өзара іс-қимылды жетілдіру мәселелері бойынша пікір алмасты. Сонымен қатар құқықтық түсіндіру жұмыстарын жандандыру, жастар арасында құқық бұзушылықтың алдын алу және қоғамда заңға бағыну қағидатын қалыптастыру жөніндегі ұсыныстар талқыланды.

Семинар қорытындысында қала әкімдігіне қарасты мекемелерде қызметкерлердің құқықтық сауаттылығын арттыруға бағытталған оқыту семинарларын тұрақты түрде ұйымдастыру, тұрғындар арасында түсіндіру жұмыстарын күшейту, сондай-ақ «Заң мен тәртіп» қағидатын кеңінен насихаттау бойынша жауапты сала басшыларына нақты міндеттер жүктелді.

Аталған іс-шара қоғамдағы тұрақтылық пен қоғамдық қауіпсіздікті нығайтуға, азаматтардың құқықтық мәдениетін қалыптастыруға және заң талаптарын сақтау деңгейін арттыруға бағытталған маңызды қадамдардың бірі болды.

КІТАП КЕРУЕН



Кітап оқуды насихаттау, оқу мәдениетін қалыптастыру және ұлттық құндылықтарды дәріптеу мақсатында ұйымдастырылған «Кітап керуені» жобасы Қармақшы ауданының Дүр Онғар ауылына келді.

Іс-шараның салтанатты ашылуына Қармақшы аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы Ғ. Нысанбаев, Ә.Тәжібаев атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханасының басшысы С. Көзсейбаев қатысып, жобаға сәттілік тіледі. Сонымен қатар өңірдің ақын-жазушылары мен мәдениет қайраткерлері арнайы қатысып, рухани бастамаға қолдау білдірді.

Шара «Сыр елі – кітап керуені» атты мәдени бағдарламамен басталды. Бағдарлама аясында кітапхана саласының үздік мамандары мен белсенді оқырмандарына Қызылорда облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы басшысының Алғыс хаттары табысталып, оқырмандар «Үздік оқырман», «Ең белсенді оқырман», «Кітап жанашыры», «Үздік жас оқырман» және «Үздік

оқырман отбасы» номинацияларымен марапатталды. Бағдарлама барысында «Өлке руханияты: жыр мен ойдың тоғысы» атты әдеби кездесу ұйымдастырылды. Кездесуге ақындар А. Үсенов пен Д. Нәзікбаев, белгілі жыршы А. Ешбаева және Қармақшы ауданының қаламгерлері қатысып, әдебиет пен руханияттың қоғамдағы орны туралы ой бөлісті. Сонымен қатар, жастар аудиториясына арналған «Кітап. Білім. Цифрлық технология» тақырыбында шеберлік сағаты, «Кітапханаға кітап сыйла» акциясы өтті.

«Кітап керуені» жобасы тұрғындардың кітапқа деген қызығушылығын арттыруға, оқу мәдениетін қалыптастыруға және ұлттық рухани құндылықтарды кеңінен насихаттауға бағытталған маңызды мәдени бастама ретінде өз жалғасын табады.

ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ ӨТТІ

Қызылорда қаласындағы «Анаға тағзым» орталығында Қазақстан полициясы күніне орай «Полициядағы әйел – тәртіп пен парасаттың тірегі» атты дөңгелек үстел ұйымдастырылды. Іс-шараның мақсаты – полиция саласында қызмет атқарып жүрген әйел қызметкерлердің кәсіби жетістіктерін насихаттау, олардың қалыптастыруға және құқық қорғау жүйесіндегі маңызды ролін дәріптеу, сондай-ақ үздік қызметкерлерді марапаттау.

Кездесуге құқық қорғау органдарының өкілдері, сала ардагерлері, әйел қызметкерлер мен қоғам белсенділері қатысты. Кездесу барысында әйелдердің полиция қызметіндегі орны, қызмет пен отбасы арасындағы тепе-теңдікті сақтау, жас мамандарға тәлімгерлік ету және қазіргі полициядағы әйел көшбасшылардың тәжірибесі секілді өзекті тақырыптар талқыланды.

Сонымен қатар қызметтік міндеттерін адал әрі мінсіз атқарып, жоғары кәсібилігі және ішкі істер органдарының оң имиджін қалыптастыруға қосқан үлесі үшін бірқатар әйел қызметкерлер марапатталды. Шара барысында



«Қызылорда қалалық әйелдер кеңесі» қоғамдық бірлестігінің Алғыс хаты табысталды. Марапаттау рәсімі мерекелік концерттік бағдарламамен жалғасып, қатысушыларға көтеріңкі көңіл-күй сыйлады.

Бүгінде полиция қатарындағы әйелдер тергеуші, анықтаушы, жедел уәкіл, криминалист болып табысты еңбек етіп келеді. Олар қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жолында кәсібилік пен жауапкершіліктің жоғары үлгісін

көрсетіп, құқық қорғау органдарының беделін арттыруға елеулі үлес қосуда.

Шара соңында қатысушылар полиция қызметіндегі әйелдердің кәсібилігі мен адалдығы құқық қорғау жүйесінің дамуына және қоғам қауіпсіздігін қамтамасыз етуге зор үлес қосып отырғанын атап өтті. «Полициядағы әйел – тәртіп пен парасаттың тірегі» атты дөңгелек үстел олардың еңбегіне құрмет көрсетіп, тәжірибе алмасуға мүмкіндік берген маңызды алаңға айналды.

«ӘЖЕЛЕР ӘН САЛҒАНДА...»

Ақжона ауылдық мәдениет үйінде «Шуак» әжелер ансамблінің құрылғанына 5 жыл толуына арналған есеп беру концерті өтті.

«Шуак» әжелер ансамблі 5 жыл бұрын мәдениет саласының ардагері, ҚР Мәдениет саласының үздігі, ақын Е. Ағырайдың бастамасымен құрылып, ауылдағы өнерлі әжелерді біріктірген шығармашылық ұжым ретінде қалыптасты. Ансамбльдің негізгі мақсаты – ұлттық өнерін дамыту, салт-дәстүрді насихаттау және ауыл мәдениетін дамытуға наүлесқосу.

Ансамбльдің алғашқы ұйымдастыру кезеңінде клуб меңгерушісі тарапынан тиісті қолдау көрсетілген. Соңғы бір жыл ішінде ауылдық клуб меңгерушісі Б. Салжекен аталған ұжымның жұмысын ұйымдастырып, концерттік бағдарламаларды өткізіп, қамтамасыз етуге, шығармашылық-шараларды ұйымдастыруға



Уге және музыкалық күйемелдеу жұмысын үйлестіруге атсалысып келеді.

Ансамбльдің көркемдік жетекшісі – ауылдық әжелер кезеңінің төрайымы

Бакытқұл Әбдіреова. Ол ұжымның шығармашылық бағыт-бағдарын айқындап, концерттік бағдарламалардың мазмұндық және ұйымдастырушылық сапасын арттыруға үлес қосуда.

Есеп беру концертінің ашылуында ансамбльдің құрылу тарихы мен 5 жылдық қызметін қамтитын бейнеролик көрсетілді. Сонымен қатар мәдениет аласының ардагері Е. Ағырай онлайн форматта құттықтау сөз сөйлеп, ұжымның қалыптасу тарихына тоқталып, ізгі тілегін білдірді.

Шара ауыл ақсақалдарының бағасымен басталып, қазақ халқының салт-дәстүрін бейнелейтін би композициясымен жалғасты. Аудандық әжелер кезеңінің төрайымы О. Асанова құттықтау сөз сөйлеп, ансамбль мүшелеріне Алғысхаттар мен марапаттар бағыттады.

Концерттік бағдарламада «Сәлемдесу», «Әридай-ай» халық әндері, Майлықожа термесі және басқа

да шығармалар орындалды. Сондай-ақ Р. Рашова, Б. Әбдішев, Б. Салжекен, Б. Әбдіреова және өзге де өнерпаздардың жеке номерлері ұсынылды.

Шараға қатысқан мәдениет саласының қызметкерлері мен көркемөнерпаздар, оның ішінде З. Жанпейісова, Ш. Жанеділ, Н. Маханбетов және Есен Арпа өз номерлерін көрсетті.

Кеш соңында Ақжона ауылдық округінің әкімі сөз сөйлеп, «Шуак» әжелер ансамблі аудан әкімінің Алғыс хатымен марапатталды.

Есеп беру концерті ансамбль мүшелерінің орындауындағы «Жақсы адамдар азаймасты» және «Жолыққан қандай жақсы» әндерімен қорытындыланды.

«Шуак» әжелер ансамблі ауылдық мәдени өміріне үлес қосып келе жатқан, ұлттық өнерді насихаттауға бағытталған шығармашылық ұжым болып табылады.

«Ел тілегі» ақпарат

Медициналық қызмет сапасына қатысты сұрақтар мен өтініштер Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына тұрақты түрде келіп түседі. Қордың маңызды міндеттерінің бірі – пациенттердің құқықтарын қорғау. Осы мақсатта Қор мамандары медициналық көмектің сапасына мониторинг жүргізіп, көрсетілмеген немесе сапасыз көрсетілген қызметтердің себептерін зерделейді.

МӘМС жүйесіндегі өзекті мәселелер, тұрғындардың сақтандырылу деңгейі, сақтандырылмаған азаматтарды жүйеге тарту бағытындағы жұмыстар, сондай-ақ пациенттердің шағымдарын қарау тәртібі туралы Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының Қызылорда облысы бойынша филиалының директоры Жақсылық Әбілқасымұлы Абдусәметовпен сұхбатта әңгімелестік.

МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУ ҚОРЫ – ДЕНСАУЛЫҒЫҢЫЗДЫҢ ҚАЗЫНАСЫ

– Жақсылық Әбілқасымұлы, Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры Қаржы министрілігінің қарамағына өтті. Бұл өзгеріс қандай жаһаншылдық әкеледі?

– Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының Қаржы министрілігінің қарамағына берілуі – МӘМС жүйесіндегі қаржы ағындарын басқаруды жетілдіруге және қаражаттың ашық әрі тиімді пайдаланылуын қамтамасыз етуге бағытталған ұйымдастырушылық шешім.

Азаматтар мен медициналық ұйымдар үшін Қордың негізгі функциялары өзгеріссіз қалады. Дәлірек айтқанда, жарналар мен аударымдарды жинақтап, медициналық қызметтерді сатып алу және ТМККК мен МӘМС аясындағы медициналық көмекті қаржыландыруды жалғастырады. Қордың денсаулық сақтау жүйесін интеллектуалды басқару және оны қаржыландыруға кезең-кезеңімен өтіп жатқанын атап өткізіледі.

Сақтандырылған азаматтар мен медициналық ұйымдар алдындағы барлық міндеттемелер толық көлемде сақталады. Медициналық қызметтер бұрынғы тәртіпте көрсетіледі, ал азаматтардың құқықтары мен қолжетімділігіне ешқандай шектеу қойылмайды.

Сонымен қатар, Қор қызметінің мемлекеттік қаржыны басқару жүйесіне интеграциялануы қаражаттың тиімді жұмсалып бақылауды күшейтіп, жүйенің қаржылық тұрақтылығын арттыруға және МӘМС-ті одан әрі дамытуға мүмкіндік береді.

– Өткізілген сақтандырылмаған азаматтардың саны қанша?

– 2026 жылғы 5 маусымдағы жағдай бойынша Қызылорда облысында бастапқы медициналық-санитариялық көмек ұйымдарына 846 360 адам тіркелген. Оның ішінде 732 153 адам немесе 86,5%-ы сақтандырылған болса, 113 524 адам немесе 13,9%-ы сақтандырылмаған.

Азаматтардың сақтандырылмауының негізгі себебі – МӘМС жүйесіне жарналар мен аударымдардың уақытылы төленбеуі. Жалдамалы қызметкерлер үшін төлемдерді жұмыс беруші аударып, ал басқа санаттағы азаматтар жарналарды өздері төлейді.

– Сақтандырылмаған азаматтарды МӘМС жүйесіне тарту үшін қандай жұмыстар жүргізіліп жатыр?

– Халықты МӘМС жүйесіне қамту жұмыстары Қор құрылған 2016 жылдан бері тұрақты түрде жүргізіліп келеді. Осы уақыт аралығында облыстық филиал мамандары кең ауқымды ақпараттық-түсіндіру шараларын үздіксіз атқарып келеді.

Осы бағытта өңірде жергілікті атқарушы органдардың қатысуымен өңірлік штабтар құрылып, жүйелі жұмыс жүргізілуде. Қала және аудан әкімдіктерінде МӘМС мәселелері тоқсан сайын қаралады.

Сонымен қатар, облыс тұрғындарымен кездесулерде сақтандыру тәртібі, жарна төлеу ережелері және жүйеге қатысудың маңызы түсіндіріледі.

Бұдан бөлек, жұмыс берушілермен, жеке кәсіпкерлермен және медициналық ұйымдармен кездесулер өткізіліп, заң талаптары түсіндіріледі. Мемлекеттік кірістер органдарымен бірлесіп, сақтандырылмаған азаматтар тізімі ай сайын жаңартылып, оларды жүйеге тарту жұмыстары жүргізілуде.

Сондай-ақ мемлекет тарапынан да бірқатар қолдау шаралары іске асырылып жатыр: төлем тепкістері жетілдіріліп, әлеуметтік осал топтар үшін жарналарды бюджет есебінен төлеу қарастырылуда.

Мысалы, сақтандыру мәртебесін алу үшін бұрынғы қарызды толық жабу міндетті емес – соңғы 12 айға жарна төлеу жеткілікті. Сонымен қатар, 5 жыл үздіксіз жарна төлеген

азаматтарға төлем тоқтаған жағдайда 6 айға дейін мәртебе сақталады.

2026 жылдан бастап жұмыссыз және осал топтағы (Д және Е санатты) азаматтар үшін сақтандыру жарналарын жергілікті бюджеттер есебінен төленуде. Бұл жүйе елімізде шамамен 1 миллионнан астам адамға сақтандырылған статусын алуға мүмкіндік береді. Қызылорда облысы бойынша 40 мың адам шамасында. Бұл дегеніміз жұмыссыздар мен осал топтарды МӘМС статусымен қамтылуын жоғарылатып, өңірлік теңсіздікті азайтады.

– Жалпы медициналық сақтандыру енгізілгеніне бірнеше жыл болса да көбі қай қызметті тегін алатынын білмейді. Осы жөнінде толығырақ айтқыңыз...

– **Иә, дұрыс айтасыз. «Сақтандырылмаған» азаматтар да тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі (ТМККК) шеңберінде базалық медициналық қызметтерді ала алады.**

2026 жылғы 1 қаңтардан бастап Қазақстанда Бірыңғай медициналық көмек пакетін кезең-кезеңімен енгізу басталды. Өзгерістер 2025 жылғы 14 шілдеде Мемлекет басшысы қол қойған Заңға сәйкес жүзеге асырылады және денсаулық сақтау саласында негізгі мемлекеттік кепілдіктерді орындауға, медициналық көмектің қолжетімділігін арттыруға, барлық қатысушылардың әділ, ортақ жауапкершілігін қамтамасыз етуге және жүйенің ұзақ мерзімді қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз етуге бағытталған.

Бірыңғай медициналық көмек пакеті шеңберінде МӘМС жүйесіндегі мәртебесіне қарамастан онкологиялық ауруларды, артериалды гипертензияны, ишемиялық жүрек ауруын, глаукома және кант диабетін ерте анықтауға арналған скринингтер барлық азаматтар үшін қолжетімді.

Айта кету керек, ТМККК аясында 11 әлеуметтік маңызды ауруларды күдік туындаған жағдайда диагностикалау қолжетімді болды, соның ішінде туберкулез, созылмалы вирус гепатиттері мен бауыр циррозы, психикалық және мінез-құлық бұзылыстары, катерлі істіктердің ерте сатысы, өткір миокард инфарктісі (алғашқы 6 ай), сирек кездесетін аурулар, эпилепсия, инсульттер және басқа ауыр жағдайлар.

Осылайша, сақтандырылмаған азаматтар базалық медициналық көмек пакетіне қол жеткізе алады, оған келесі қызметтер кіреді:

- емханадағы алғашқы медициналық қарау;
- артериалды гипертензияны, ишемиялық жүрек ауруын, глаукома, кант диабетін, сүт безі обырын, жатыр мойны обырын және колоректалды обырды ерте анықтауға арналған вакцинация және скринингтер;
- 11 әлеуметтік маңызды ауруға күдік туындаған жағдайда диагностикалау;
- өмірге қауіпті жағдайларда жедел және шұғыл медициналық көмек;
- барлық әлеуметтік маңызды ауруларды диагностикалау, емдеу, алдын алу және тегін дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету;
- жұқпалы аурулар кезінде медициналық көмек;
- қан препараттарымен қамтамасыз ету;
- паллиативтік көмек және ауыр науқастарға ұзақ мерзімді күтім.
- Медициналық сақтандыру қоры қызметтердің қолжетімділігі мен сапасын қалай арттырамыз?
- Қор қаржылық оператор ретінде медициналық көмекті ұйымдастырумен немесе оның сапасын тікелей арттырумен айналыспайды. Бұл міндет денсаулық сақтау басқармалары мен медициналық ұйымдар басшылығының қызыретіне жатады. Дегенмен, Қор өз тарапынан қаржыландыруды басым

бағыттарға бағыттау арқылы медициналық көмектің қолжетімділігін арттыруға ықпал ете алады.

2026 жылы өңір тұрғындарына медициналық көмек көрсету үшін 125 жеткізушіге 135,9 млрд теңге бөлінді. Бұл қаражат халықты тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі (ТМККК) және МӘМС жүйесі аясындағы медициналық қызметтермен қамтамасыз етуге бағытталған.

Қор медициналық көмектің сапасына жанама түрде әсер етеді: талдамалық ақпарат пен ұсынымдар береді, медициналық қызмет көрсету барысында орын алған кемшіліктерді анықтайды.

Медициналық көмектің сапасын арттыруға жүйедегі жеткізушілер санының көбеюі және олардың арасындағы бәсекелестік те он әсерін тигізеді. Бүгінде өңір бойынша Қормен келісімшарт жасасқан 125 медициналық ұйымның 93-і немесе 74,4%-ы – жекеменшік ұйымдар. Жеке сектордың қатысуы қызмет көрсету сапасын жақсартып, мемлекеттік медициналық ұйымдарды да өзгерістер енгізуге ынталандырады әрі медициналық қызмет көрсетуге қойылатын талаптарды күшейтеді.

Қазіргі таңда МӘМС жүйесі кезең-кезеңімен дамып, жаңа деңгейге көтерілуде. Оның басты мақсаты – өрбір қазақстандыққа денсаулығын сақтауға байланысты қаржылық шығындардан қорғайтын маңызды кепілдік екенін түсіндіру және жүйенің тиімділігін арттыру.

– Қорға азаматтар көп жүгіне ме? Қандай шағымдар жиі түседі?

– 2026 жылдың 5 айында Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына кері байланыс арналары арқылы Қызылорда облысының тұрғындарынан медициналық қызметтерді алу бойынша 675 өтінім келіп түсті. Олардың қатарында пациенттердің алғыстары, шағымдары мен ұсыныстары бар. Өтініштердің басым бөлігі кенес беру сипатында болды. Азаматтарды МӘМС жарналарын төлеу тәртібі, медициналық қызметтер мен дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету, жолдамалар мен ембекке уақытша жарамсыздық парақтарын рәсімдеу, сондай-ақ медициналық көмекті қорыту шарттары, жеңілдік санаттары мен тізімдердегі өзгерістерге қатысты түсіндірулер қызықтырған.

2026 жылдың 5 айының қорытындысы бойынша Қор жүйесіне барлығы 238 шағым түскен. Бұл 2025 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 95 шағымға немесе 28,5%-ға аз.

Алдыңғы кезеңмен салыстырғанда қайтарып алынған шағымдардың үлесі 57,36% -дан 65,13%-ға дейін өсті. Атап айтқанда, 238 шағымның 155-і (65,13%) пациенттерді қолдау қызметтері мен медициналық ұйымдардың ішкі сараптама бөлімдері арқылы «осы жерде және дәл қазір» қағидаты бойынша қайтарып алынған немесе шешімін тапқан.

Қызылордалықтар ең көп шағымды келесі мәселелер бойынша жолдаған:

- 1) медициналық көмектің сапасыз көрсетуі – 87 (36,55%);
- 2) медициналық көмек көрсетуден бас тарту – 77 (32,35%);
- 3) ТМККК және МӘМС шеңберінде дәрілік заттарды беруден бас тарту – 24 (10,08%).

– Медициналық сақтандыру бойынша қандай жеке клиникалар жұмыс істейтінін қайдан көруге болады?

– ТМККК және МӘМС аясында қызмет көрсететін медициналық ұйымдардың өзекті тізімі msqory.kz Қордың сайтындағы «Жеткізушілер картасы» бөлімінің «Жеткізушілерге» бөлімшесінде орналастырылған. Іздеу үшін өңірді және қажетті медициналық көмек түрін таңдау қажет. (сілтеме: <https://msqory.kz/kk/postavshchikam/kak-stat-postavshchikom/odat-zayavku-dlya-vklyucheniya-v-bazupostavshchikov-i-soispolniteley/>)

– МӘМС жүйесінде мәртебені қалай анықтайды?

– Қордың ЖСН енгізіп міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде өз мәртебесін білуге болағын түрлі сервистері бар. Олардың қатарына келесілер жатады:

- 1414 бірыңғай байланыс орталығының номері бойынша;
- msqory.kz сайтында;
- Qoldau 24/7 мобильдік қосымшасы;
- Telegram-дағы SaqtandyruBot;
- eGov.kz-тегі жеке кабинетте;
- Datumed медициналық ақпараттық жүйесіндегі жеке кабинетте;
- Halyk, Kaspi.kz, BCC.KZ, Forte, Freedom SuperApp, Bereke bank мобильдік қосымшаларында.

Сұхбатыңызға рақмет!

АУРУХАНАШІЛІК ИНФЕКЦИЯ



Ауруханашілік инфекция – бұл емдік мекемелерде пациенттер, медицина қызметкерлері жұқтыратын микробтық және паразиттік текті кез келген клиникалық аяқын ауру. Егер науқас ауруханаға түскеннен кейін 48 сағаттан ерте дамымаса, оны госпитальдық деп санауға болады. Ауруханашілік инфекцияның себептері мыналар болуы мүмкін: науқастармен, медициналық қызметкерлердің өкілдерімен – ауруханашілік штаммдарды тасымалдаушылармен байланыс; медициналық жабдықтар мен аспаптарды жеткіліксіз зарарсыздандыру; стационарлар мен емханалар үшін әзірленген санитариялық-гигиеналық нормалардың талаптарынан ауытқу; ірі аурухана кешендерінің ерекшелігі – әлсіреген науқастардың бір жерге жиналуы, үй-жайлардың салыстырмалы түрде оқшаулануы (палаталар, емдеу бөлмелері); медицина қызметкерлерінің, негізінен медбикелердің қызметінің жеткіліксіз деңгейі немесе тәртіпсіздігі; жоғары қауіп тобындағы науқастардың шоғырлануы – егде жастағы адамдар, созылмалы аурулары бар науқастар; микроорганизмдердің жоғары жұқтыру қабілетімен, көп дәріге төзімділігімен ерекшеленетін спецификалық штаммдарының қалыптасуы мен дамуы; кейбір жағдайларда – антибиотиктерді ұтымсыз қолдану.

Алдын алу шараларының тізімі мыналарды қамтиды: ауруханаға түскен науқастарды қабылдауды және санитариялық тазалауды дұрыс ұйымдастыру; қызмет көрсету персоналдың инфекцияның берілуін болдырмайтын пациенттерге күтім жасаудың дұрыс ұйымдастырылған жүйесі; медициналық қызметкерлердің

біліктілігін арттыру; ауруханашілік инфекцияға күдікті науқастарды уақтылы оқшаулау; медициналық қызметкерлердің денсаулық жағдайын тұрақты бақылау; алдын алу бойынша қолданыстағы бағдарламалық құжаттарда белгіленген талаптарды сақтау; жүйелі түрде дезинфекциялау және зарарсыздандыру шаралары; қажетті бір реттік және көп рет қолданылатын құралдардың болуы. Ауру таралатын тізбекті бұзу жолдары: ауруханашілік инфекцияларға тиімді инфекциялық бақылау; көзді оқшаулау; қоздырғыштарды жою (дезинфекция, зарарсыздандыру); науқастың иммунитетінің деңгейін арттыру. Медициналық араласулардың жаракатын кешендерінің маңызды шаралары, ауруханашілік инфекциялардың антибиотикалық профилактикасы. Ауруханашілік инфекцияның емделудің күрделілігі оның әлсіреген денде, негізгі аурудың фондында дамуымен, сондай-ақ аурухана штаммдарының жеткіліксіз деңгейі немесе тәуірлікпен байланысты. Алғашқы күндерде ауру әдетте эмпирикалық түрде емделеді. Бөлімшеде қандай микрофлора басым болатынына байланысты микробқа қарсы терапияның онтайлы схемасы тандалады және оның антибиотиктерге төзімділік спектрі де ескеріледі. Науқастарды оқшаулау, бөлмелерді үнемі желдету, дезинфекциялау қажет. Тері арқылы қанның сәулеленуі және экстракорпоральды гемокоррекция олардың өз есерін бере алады.

О.ЖАХАНОВ,
Сырдария аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының жетекші маманы

Хабарландыру

Барлық жол пайдаланушылары үшін "ШалқияЦинк ЛТД" АҚ Жылжымалы құрамдардың өтуі үшін кірме жолды ұсыну жөніндегі қызметтерге тарифті енгізу туралы Осы арқылы "ШалқияЦинк ЛТД" АҚ барлық тармақ пайдаланушыларды "табиғи монополия лартураулы" Қазақстан Республикасы Занының 6-бабының 2) тармақшасына, 8-бабының 10), 12) тармақшалары Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2019 жылғы 19 қарашадағы №90 бұйрығымен бекітілген Тарифтерді қалыптастыру қағидаларының сәйкес, сондай-ақ Қызылорда облысы бойынша ҚР ҰЭМ ТМРК2026жылғы 18 маусымдағы №- 36НҚ бұйрығының негізінде 2026 жылғы 1 шілдеден бастап жылжымалы құрамның өтуі үшін кірме жолды ұсыну бойынша қызметтерге вагон/км үшін ҚҚС-сыз 219,70тенге мөлшерінде тариф белгіленеді. Вагон/км үшін ҚҚС-сыз 160,40тенге мөлшеріндегі ескі тарифтің қолданылуы тоқтатылды.

Сондай-ақ, тармақ пайдаланушылар мен жоғарыда көрсетілген өзгерістерге сәйкес қолданыстағы шарттарға қосымша келісімдер жасалатын болады.

Құрметпен,
"ШалқияЦинк ЛТД" АҚ



22.06-28.06.2026

Тоқты

Бұл аптада бастамашылдық танытып, жаңа жобаларға кірісуге мүмкіндік туады. Жұмыста белсенділігіңіз бағаланады. Қаржы мәселесінде тәуекелді шешімдерден сақ болған жөн. Жеке өмірде ашық әңгіме қарым-қатынасты нығайтады.

Торпақ

Сабыр мен тұрақтылық сіздің басты артықшылығыңыз болады. Бұрын басталған істерді аяқтауға қолайлы уақыт. Қаржылық жағдай бірқалыпты. Денсаулыққа көңіл бөліп, демалысқа уақыт табыңыз.

Егіздер

Қарым-қатынас пен байланыстар аптаның басты тақырыбы болады. Жаңа таныстықтар пайдалы болуы мүмкін. Жұмыста шығармашылық идеяларыңыз қолдау табады. Шашыраңқылықтан сақ болыңыз.

Шаян

Эмоциялық сезімталдық артады. Отбасы мен жақындарыңызға көбірек көңіл бөліңіз келсін. Маңызды шешімдерді асықпай қабылдаңыз. Қаржы мәселесінде ұқыптылық қажет.

Арыстан

Көшбасшылық қасиеттеріңіз ерекше байқалады. Мансапта алға жылжу мүмкіндігі бар. Алайда өзгелердің пікірін де ескерген жөн. Жеке өмірде жағымды жаңалықтар күтіледі.

Бикеш


Жоспарлау мен тәртіптің арқасында жақсы нәтижелерге қол жеткізесіз. Құжаттар мен есеп-қисапқа мұқият болыңыз. Денсаулыққа қатысты профилактикалық шаралар пайдалы болады.

Таразы

Тепе-теңдік пен үйлесімділік іздейтін кезең. Қарым-қатынастарда ымыраға келу маңызды. Шығармашылықпен айналысу немесе жаңа хобби бастауға қолайлы уақыт.

Сарышаян

Ішкі күшіңіз бен табандылығыңыз күрделі мәселелерді шешуге көмектеседі. Қаржылық мүмкіндіктер пайда болуы мүмкін. Қызғаныш пен артық күмәнданудан аулақ болған жөн.

Мерген

Саяхат, оқу және жаңа білім алуға деген қызығушылық артады. Оптимизмнің арқасында көптеген кедергілерді жеңесіз. Қаржыда шектен тыс жомарттықтан сақ болыңыз.

Тауешкі

Жауапкершілік пен еңбекқорлық өз жемісін береді. Ұзақ мерзімді жоспарларды қайта қарап шығуға қолайлы кезең. Отбасылық мәселелерге назар аудару қажет болуы мүмкін.

Суқұйғыш

Жаңашыл идеялар мен күтпеген мүмкіндіктер аптаны қызықты етеді. Достар мен әріптестерден қолдау көресіз. Өз ойыңызды нақты жеткізуге тырысыңыз.

Балықтар

Түйсігіңіз күшейіп, маңызды жағдайларды дұрыс бағамдай аласыз. Шығармашылық жұмыстарда табыс күтіледі. Эмоцияларға беріліп кетпей, нақты әрекетке көңіл бөлген жөн.



Кие

Жылқыбай бұл ауылдағы құс ататын жалғыз адам. Тек өзі мінетін күрең қасқаға қонжып, қырга бет алды. Ауыл іргесінде тұрғындар «Аққу көл» атап кеткен көл бар. Бірінен бірі өткен көркіт құстардың бәрі осында жиналғандай. Әсіресе жұп-жұбымен жүретін қос аққудың әсемдігі бір бөлек. Ұзын мойнын алға созып, аппақ қанатымен көлдің бетін сипалай жүзгенде тұмса табиғаттың таңғажайыбы тандай қақтырмай қоймайды. Жылқыбай талай жыл құс аулағанда аққуды атпапты. Қайдағы оқ отқан, шоштып аламын ба деп демін ішке тартып, дыбыссыз тамашалайтын.

Шынында, Жылқыбай құс көрсе, делебесі қозып, аспаннан атып түсіргенше тағат таппайды. «Күнкөрістің қамы ғой, сатып, нәпақа қылады» деп қорғайын десең, ауылдағы ең ауқатты тұратындар да осы отбасы. Мыңғырған малын жаз жайлауға, қыс қыстауға жөнелтіп, арнайы жұмысшы ұстап отыр. Үйінің алдынан ашқан азық-түлік дүкеніне ауылдың барлығы дерлік барады. Қызын ұзатып, ұлын үйлендірген Жылқыбайдың көңілі тоқ. Құда-жекжаттыққа жетіп, ағайын-туысы артты. Қонақжай үйге келім-кетімді жан жетерлік. Дастарқанын мол жайып, бар тәттісін қонағының аузына тосады. Жомарттығы өз алдына. Жылқыбай

бүгінде «жорыққа» қамданып жатты. Тек өзі мінетін күрең қасқаға қонжып, қырга бет алды. Ауыл іргесінде тұрғындар «Аққу көл» атап кеткен көл бар. Бірінен бірі өткен көркіт құстардың бәрі осында жиналғандай. Әсіресе жұп-жұбымен жүретін қос аққудың әсемдігі бір бөлек. Ұзын мойнын алға созып, аппақ қанатымен көлдің бетін сипалай жүзгенде тұмса табиғаттың таңғажайыбы тандай қақтырмай қоймайды. Жылқыбай талай жыл құс аулағанда аққуды атпапты. Қайдағы оқ отқан, шоштып аламын ба деп демін ішке тартып, дыбыссыз тамашалайтын.

Жылқыбай бүгін өзін-өзі танымай қалды. Санасын бір сайтан билеп алды. «Аққуды ат. Ол да өзге құстар секілді ғой. Қайдағы қие» деп мысқалдайды миын ұлап. Ішкі ойымен арпалысып, сынар аққуды көздеп тұрып, қос ауыздың шүріпесін қалай басқанын өзі сезбей қалды. Көл бетін жуып кеткен қып-қызыл қан, әсем мойны салбырай құлаған аққуды көргенде есін жиып: «Мен не істеп қойдым? Бұны қалай істедім?» деп қос қолымен басын сабалады. Жанына жақындап, аққуды үйге алып

кетуге батпады. Жаралы сыңарын жаңшыра айнала ұшқан аққудың дауысы жалыншты секілді. Біресе қасына қонақтап, біресе көл бетін айнала ұшып, ақырында жалғыз аққу көзден ғайып болды. Жылқыбай кеш баға ұнжырғасы түсіп, үйге келді. Өншейінде толып келетін қабанға дым жоқ. Көңіл-күйі болмай, ерте жатып қалды. «Неге аққуды аттым екен? Неге ғана сондай әдемілікті, адалдықты ажалға қидым?» деп өзін жеп барады. Бұның бұл күйін әйел, бала-шағасы түсінбеді.

Сол оқиғадан кейін Жылқыбай құсқа шыққанды сиретті. Бұрынғыдай сөйлеп құрмайды. Арада бірнеше жыл өтсе де осы қиянаты көз алдынан кетпей қойды.

Түнің іші болуы керек. «Апа, апа» деп бөлменің есігін тарсылдатқан ұлының дауысынан Жылқыбай мен Мағрипа шошып оянып, Алас-қапас бөлмеден жүгіре шықты. «Апа, Айзеренің жағдайы болмай тұр. Жедел жәрдем шақырып қойдым» деп ұлы Бағдат бөлмелеріне қарай бағыттайды. Енесі келінінің боп-боз болып кеткен түрін көріп құшақтай алды.

– Қызым, не болды? Қай жерін ауырады? деп бәйек болды.

– Апа, ішім. Тағы да өткендегідей... Айзере жылап жіберді.

– Қой қызым, аяғың ауыр кезде іштің ауруы болып тұрады. Жамандыққа жорымайық, – деп келінін бауырына басты.

Жедел жәрдем көлігі есік алдында тоқтағанда Жылқыбай мен ұлы сыртта тұр еді. Жылдам басып үйге кірген дәрігер Айзерені ауруханаға алып кетеміз деп шешті. Енесі мен күйеуі жеке көліктерімен арттарынан ілесті.

Бұл түн ұзаққа созылды. Мағрипа да, Бағдат та іште не болып жатқанын біле алмай, беймаза күйге түсті. Таң бозарып атқанда ота бөлмесінен дәрігер шықты. Өзіне үлкен үмітпен қарап тұрған анасы мен ұлына: «Біз қолымыздан келгенді жасадық. Өкініштісі, баланы алып қала алмадық. Қайғыларыңызға ортақпын» деді де кетіп қалды. Не болғанын түсінбей, екеуі екі жерде состиып қалды.

Айзерені үш күннен кейін жансақтау бөлімінен палатаға ауыстырды. Аурухана төсегінде «сүлік» түсіп жатқан келіншек ештеңе ішп-жемейді. Сөйлеуге де құлықсыз. Осымен үшінші мәрте эне-міне өмірге келеді-ау деп асыға күтіп жүрген балапаны жарық дүниеге келмей жатып, қонжасты.

Айзере тамақ алып келген апасының алдына «бүк» түсіп жатып, егіле жыллады. «Апа, неге мен? Мен не істеп қойдым, апа? Енді бақытым еселене ме деген шақта менен неге алып қоя береді? Мен, бұл Құдайға не жаздым, апа?» деп таусылды. Келінімен қоса Мағрипаның да жанарын жас жуды.

Келіні үйге келгеніне де он шақты күнге жуықтады. Барлығы көңілсіз. Айзере тіптен қатты өзгерді. Түнімен шошынып, түрлі түс көреді. Бүгінде үйіксынан «апа, апа» деп айқайлап оянып, Жанында отырған Мағрипа бисмілсізін айтып, келінін сабырға шақырды.

– Апа, баламды аққу алып кетті. Тағы да сол аққу. Апа, менің баламды аққу алып кетті деймін. Кімнінен іліп алды да аспанға ұшты!» Айзере бой бермей жынды адамдай жылқынып жатыр. Дауысты естіп сыртан жүгіре кірген Жылқыбай мен Бағдат Айзерені танымай қалды. Өзін шашын қос қолымен жұмалап, біресе жай, біресе қатты: «Менің баламды аққу алып кетті. Аққу алып кетті. Аспанға ұшты олар» деп айқайлайды.

Жылқыбайдың жүрегі зырк ете қалды. Талай жыл бұрынғы қол бетіндегі қанға малынған жаралы аққу көз алдында көбейгенді. Ұяттан жерге кірердей болды. Далаға ышқына шықты. Үйден аулаққа кетіп енгендердей ер адам еңкілдей жылды. Кезінде жасаған қиянатын жан баласына айта алмай Жылқыбай іштей тына берді.

Ұлболсын ТАЛАПБАЕВА

ГИБРАТТЫ ӨНГІМЕЛЕР

Соңғы сынақ

Баяғыда таудың қиясын мекендеген бір ерекше қасиетті қыран құс өмір сүріпті. Өзгелерге өрлігімен өнеге болған әлгі бүркіт бір жылы өмірінде бірінші рет үш балапан басып шығарыпты. Балапандардың қанаты қатайып, ұясынан ұшып шығуына аз уақыт қалғанда бүркіт үш балапанын ұясына қысып, теңіз төсіне алып шығыпты. Ұшып келе жатқан ол, өзіндік өмірге қанат қалқалы тұрған балапандарынан соңғы рет сынақ алып, былай деп сұрапты:

– Қанаттыңа қақтырмай, тұмсықтыңа шоқыттырмай, мөпелеп бағып қакқанымды жақсы білесіңдер. Ертең өкесің, осының өтеуі ретінде маған қандай жақсылық жасайсыңдар?

Біріншісі айтты: – Анашым, сенің ақ сүтінді ақтау үшін қолымнан келгенін барлығын жасаймын. Мен сені өмір бойы қанатыма арқалап, алып жүремін. Дүниенің төрт бұрышын аралатам, таңғажайып тамашаларды көретін боласың, – депті. Бүркіт тағы да басын шайқап, екінші балапанын су тұңғығына тастап жібереді. Үшінші балапанына бұрылып, жарқыншақ толы дауыспен былай депті:

– Ал сен не айтасың?

Екіншісі айтты: – Анашым, мен сені ел аралатып босқа әуре қылмаймын. Ғаламның барлық кереметін алдына әкеліп беремін. Ішкенің алдында, ішпегенің артында болады, – депті. Бүркіт тағы да басын шайқап, екінші балапанын су тұңғығына тастап жібереді. Үшінші балапанына бұрылып, жарқыншақ толы дауыспен былай депті:

– Ал сен қалай жарылқамасың?

Сонда үшінші балапан былай үн қатыпты: –

Анашым, өтірік қанша тәтті болса да, саған ащы ақиқатты ақтармасқа амалым жоқ. Маған жасаған жақсылығыңның шегі де, шегі де жоқ екенін, оны өтеуге бүкіл ғұмырымды арнасам да жетпейтінін жақсы білемін. Дегенмен, менің өмірім сені әлемді аралатуға да, сан түрлі ғаламаттарды алдына алып келуге де арналмайтынын айтқым келеді. Мен сенің маған жасаған жақсылықтарыңды өз балапандарыма жасау үшін өмір сүретін боламын.

Кәрі бүркіт сонда ғана көкірек кере терең дем алып: – Бұл дүние аманатын алға апарар, қыран деген атқа лайық бола алар ұрпақ туылғанына көзім енді жетті, – деген екен.

Сөз иесін табады

Бір күні бір адам Омар Хайямды жүрт көзінше:

– Сен дінсізсің! Сен араққұмарсың! Сен тіпті ұрысың! – деп балағаттапты.

Оған жауап ретінде Омар Хайям жай ғана күлімдеп қоя салыпты.

Осыны көрген бір бай, әдемі киініп алған адам:

– Сен қалайша бұлай айтуына жол бересің?! Сенің намысың келмей ме? – деп тандана сұрапты. Омар күліп:

– Жүр менмен, – депті. Бай оған ілесіпті.

Омар сарайына кіріп, ескі сандықты ақтарып, одан дымға жарамсыз жыртық халатты тауыпты. Оны әлгі байға лақтырып:

– Мынаны өзіңе өлшеп көрші, саған шақ болуы керек, – депті.

– Мұның маған не керекі бар? Менің киімім қымбат, әдемі екенін өзін көріп тұрған жоқсың ба?

Сен шынымен де жынданыпсың! – деп халатты Омарға қайтара лақтырыпты.

– Көрдің бе, сен жыртқық, ескі халатты өзіңе сай көрмедім. Сол сияқты мен де маған айтылған балағат сөздерді өзіме сай көрмедім. Сені балағаттаған адамға ренжімейсің – оның сөздерінің шындық екеніне келіскенің! – деп жауап беріпті Омар...

Өзің сүзгіден өткіз!

Ел таныған ғұламаға бір кісі келіп: – «Сіз туралы шәкіртіңіздің бірі не деп жүргенін білесіз бе?» – дейді.

Сонда ғұлама: «Біреудің айтқан сөзін жеткізбес бұрын, оны үш түрлі сүзгіден өткізіп алғанын жөн. Алғашқысы – шындық. Соған салар болсақ, айтпақ сөзіңнің рас екеніне көзің толық жете ме?» дейді. Өлгі кісі: «Шынымы айтсам, өз аузынан естімедім» дейді.

– Онда екінші сүзгіден өткізейік. Ол «жақсы сөз» деп аталады. Айтатын хабарың жақсы сөз бе еді? – деп сұрайды. Ол кісі: «Жоқ, көрініше болатын» – дейді күмілжіп.

– Онда үшінші сүзгіден өткізіп көрелік. Мүмкін бұл сынақтан өтерсің! Ол «пайдалы өнім» деп аталады. Ал енді мына хабарыңның маған қандай пайдасы бар? – деп сұрайды. Өлгі кісі қатты қысылып: «Пайда бермейтін әңгіме еді» дейді жерге қараған күйі.

Сонда ғұлама: «Өзі сенімсіз әрі жағымсыз әңгіме болса әрі маған түк пайда келтірмессе, оны маған қандай жақсылық ойлап жеткізгің келді?!» деген екен. Бұл бәрімізге керек сүзгі екен!

Меншік иесі:
«Сан-Ай» пресс ЖШС

Директор-Бас редактор
Егиншибаева Анар
Жақсыбекқызы

Жауапты хатшы
Зибаш ӘЛИ
8 705 982 76 61

Ақылдастар алқасы:
Әбілбай Садықбаев
Рысбай Кәрімов

Газет «Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитеті» республикалық мемлекеттік мекемесінде қайта тіркеліп, 2025 жылдың 30 маусым айында есепке алу туралы номері KZ 53VPY00123138 күшіне берілген.

Республикалық «Ел тілегі» тәуелсіз ақпараттық, танымдық, қоғамдық-саяси газеті КР СТ ИСО 9001-2016 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертифицирталған

Алғашқы есепке қою кезіндегі номері мен мерзімі №8729 – Ғ, 19.10.2007 ж

Редакцияның
мекен-жайы:

Тоқмағанбетов
көшесі 36 а,
1 қабат 4 кабинет
Телефон:
8 777 752 54 63

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «PRINT» баспаханасында басылды. Қызылорда қаласы, Байтұрсынов көшесі, 49 үй. Телефон: 27-61-62
Газеттің басылу сапасына жауапты «PRINT» баспаханасы.

Газет әр аптаның сәрсенбі күні жарық көреді

Газетті тасымалдауға «Сан-Ай» пресс ЖШС Тел: 27-85-75 және «Қазпошта» АҚ Қызылорда облыстық филиалы жауапты
Тел: 23-54-91

Қолжазба еңделеді және авторға қайтарылмайды
Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді
Газет бетінде жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді

Таралымы 8536 дана
Индекс 66503

Тапсырыс №139
E-mail: gazeta_eltilegi@mail.ru
Электронды нұсқасы:
https://ret-gazeta.kz/